АНОНС!
4 - бетте
СЫЙЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫН САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗАТЫН ТАЛАПТАР



www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№29 /sársenbi/ 16 şilde 2025 jyl

## ГРАНТ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

**2025 жылғы 13 мен 20 шілде аралығында талапкерлерден гранттар конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылданады. Құжаттарды egov.kz порталы арқылы онлайн немесе жоғары оқу орындарындағы қабылдау орталықтары арқылы (кез келген жақын орналасқан ЖОО-да) тапсыруға болады. Грант конкурсына қатысу үшін талапкерлер жеке куәлік, ҰБТ сертификатын, 3х4 көлеміндегі фото, орта білім туралы аттестат (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері үшін диплом) тапсыру керек. Сондай-ақ жеңілдетілген санат бойынша конкурсқа қатысу үшін растайтын құжаттар ұсынылады.**

**ҰБТ шекті баллдары Білім беру гранттары конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін ҰБТ нәтижелері бойынша келесі шекті баллдар белгіленген:**

**«Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттары бойынша – кемінде 75 балл;**

**«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» бағыты бойынша – кемінде 70 балл;**

**ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл;**

**басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 50 балл;**

**Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетіне түсу үшін – кемінде 50 балл.**

**Естеріңізге сала кетсек, жоғары оқу орындары білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға қабылдау үшін өз шекті баллдарын өздері белгілеуге құқылы.**

**Ауылдық жерлерден шыққан және әлеуметтік осал топтарға жататын талапкерлерді қолдау мақсатында қабылдау науқаны аясында арнайы шаралар қарастырылған.**

**Атап айтқанда, гранттар конкурсына қатысу барысында мемлекет бекіткен квоталар бар.**

**Айта кетейік, 2025 жылы «Цифрлық университет» қағидатын жүзеге асыру жалғасуда: үдерістердің басым бөлігі автоматтандырылған, бұл конкурстық іріктеудің ашықтығын арттырады.**

**Білім беру гранты иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.**

**«Айғақ»-ақпарат.**

Шымкент қаласында құтқарушылар мен олардың отбасыларына қолдау көрсету, кәсіби әлеуетін арттыру және материалдық техникалық базасын нығайту бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асты. Бұл бастамалар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық бағдарламалары аясында іске асырылып отыр. Жаңадан ашылған медициналық орталық, өрт-техника-лық зертхана және тұрғын үй мен техника тапсыру рәсімі - осының жарқын дәлелі.




# ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ**

Шымкентте алғаш рет Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлеріне, олардың отбасыларына және азаматтық қорғау органдарының ардагерлеріне арналған мамандандырылған медициналық орталық есігін ашты. Бұл – елімізде құтқарушылар үшін ашылған алғашқы осындай нысан. Орталықтың ашылуына ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов арнайы қатысты.

Жоба ведомстволық әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, ғимарат толық күрделі жөндеуден өткізілді. Медициналық мекеме қазіргі заман талабына сай жабдықталып, ішінде терапевт, психолог сынды мамандар қызмет көрсетеді. Қызметкерлер мен олардың отбасыларына көрсетілетін медициналық көмек тегін ұсынылады. Әсіресе құтқарушылардың кәсіби қызметінің жоғары деңгейдегі стреске толы ерекшелігі ескеріліп, психологиялық қолдау басты назарға алынған.

— Осындай орталықтар еліміздің барлық өңірінде болуы тиіс. Біз осы бағытта белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Құтқарушылардың денсаулығы — біздің басым бағытымыз, — деді министр Шыңғыс Әрінов.

Бұл орталық тек денсаулық сақтау саласында ғана емес, жалпы әлеуметтік қамсыздандырудың маңызды буыны ретінде қарастырылып отыр. Орталықтың ашылуы ведомстволық қолдаудың өзге шараларымен тығыз байланысты.

**ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ**

Қауіпсіздік саласындағы тағы бір маңызды қадам — Шымкентте заманауи өрт-техникалық зертхананың ашылуы. Бұл зертхана өңірде өрттің себептерін анықтау, түрлі материалдардың жанғыштығын талдау және өрт қаупіне баға беру бағытында мамандандырылған алғашқы мекеме болып табылады.

Жалпы аумағы 105 шаршы метрді құрайтын жаңа нысан зертханалық үй-жайдан, қызметтік кабинеттен және гараждан тұрады. Онда екі маман жұмыс істейді. Қызметтік автомобиль мен 37 бірлік заманауи зертханалық жабдық материалдардың отқа төзімділігі мен жанғыштығын анықтауға мүмкіндік береді. Барлық құрылғылар Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығынан өткізілген.

Бұл зертхананың ашылуы тек өңірдегі ғана емес, жалпы еліміздегі өрт қауіпсіздігін зерттеудің жаңа сапалы деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Ол алдағы уақытта өрттердің алдын алу, сараптама жүргізу және зерттеу базасын кеңейтуге жол ашады.

**ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСУДА**

Шымкент қаласының орталық алаңында өткен салтанатты іс-шарада Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлеріне жаңа қызметтік пәтерлердің кілттері, нысанды киім-кешек пен заманауи құтқару техникасы табысталды. Шараға ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов пен Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты.

Ведомстволық бағдарламалар аясында өңірге жіберілген техникалардың көлемі рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл қадам оңтүстік аймақтағы төтенше жағдайларға әрекет ету мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады.

Сонымен қатар, 25 қызметкерге «Qamqor» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде жаңа пәтерлердің кілттері тапсырылды. Құтқарушылар қорының қолдауымен оларға жаңа үлгідегі нысанды киім-кешек берілді.

— Бүгінгі оқиға – бұл жай ғана автопаркті жаңарту немесе кілттерді табыстау емес. Бұл — мемлекеттің құтқарушы мамандығына деген құрметінің айқын көрінісі. Біз бұл мамандықты беделді, құрметті және ауқатты ету жолында жұмысты жалғастырамыз, — деді министр Шыңғыс Әрінов.

Жалпы, Шымкент қаласында іске қосылған бұл жобалар — азаматтық қорғау саласын жүйелі түрде жаңғыртуға бағытталған ауқымды бағдарламаның нақты көрінісі.

Құтқарушылардың кәсіби және әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың денсаулығы мен тұрмысына қамқорлық көрсету — еліміздің қауіпсіздігіне қосылатын сенімді үлес. Бұл шаралар қоғамның бірінші кезекте көмекке келетін жандарға деген сенімі мен құрметін арттыруға бағытталған маңызды әрі өзекті қадамдар.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



## ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІКТЕРІ БЕРІЛМЕЙДІ




Алматы қалалық полиция департаменті азаматтарға халықаралық жүргізуші куәлігін беруге құқығы жоқ жеке ұйымдарға, туристік агенттіктерге және басқа да құрылымдарға жүгінуге болмайтынын ескертеді.

Халықаралық жүргізуші куәлігі - жүргізушінің шетелде көлік құралын басқару құқығын растайтын құжат. Бұл құжат 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы Вена конвенциясына қол қойған 180-нен астам елде мойындалады. Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының процессинг орталығының бастығы Айдын Меркімбаевтың түсіндіруінше, Қазақстан Республикасының "Ішкі істер органдары туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, жүргізуші куәліктерін, оның ішінде халықаралық куәліктерді беру ішкі істер органдарының айрықша құзыретіне жатады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында халықаралық жүргізуші куәліктері берілмейді. Азаматтардың күмәнді онлайн-сайттар немесе жеке фирмалар арқылы куәлік рәсімдеуге берген өтініштері заңды күшке ие емес. ЖЖК ұлттық жүргізуші куәлігінің орнын баспайды, тек оның ресми аудармасы саналады.

Құжат қажет болуы мүмкін:

шетелде автокөлікті жалға алу кезінде;

жеке автокөлікпен шекарадан өту кезінде;

жолдағы тексеру барысында құжаттарды көрсету кезінде;

шетелде сақтандыруды рәсімдеу кезінде.

Халықаралық жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыру немесе оқудан өту талап етілмейді. Алматы қалалық полиция Департаменті, азаматтарды сақ болуға және алаяқ делдалдардың арбауына түспеуге шақырады.

Күмән туындаған жағдайда азаматтарға аумақтық ішкі істер органдарына жүгініп, толық ақпарат алуға кеңес беріледі.

## «JIBEK JOLY 5.0» ТУРИСТІК ПОЙЫЗЫНЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

19 қыркүйекте «Жолаушылар тасымалы» АҚ ұйымдастырған «Jibek Joly 5.0» туристік пойызының жаңа маусымы басталады. 6 күнге созылатын сапар барысында жолаушылар Алматы – Түркістан – Отырар – Самарқанд – Бұхара – Ташкент – Алматы бағытымен жүріп өтіп, Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи және мәдени орындармен танысады, деп хабарлайды «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі.

Айта кетейік, туристік пойыздың кезекті маусымын іске қосу – Ұлттық тасымалдаушы үшін дәстүрге айналған. Бұл жолғы құрамы – Қазақстан мен Өзбекстан арасында қатынайтын «Jibek Joly» туристік пойызының бесінші сапары. Бұған дейінгі маусымдарда бұл турға 1000-нан астам турист қатысқан.

Туристік пойыз заманауи, жайлы, отандық өндірістен шыққан вагондардан құралған. Іші ұлттық нақыштағы дәстүрлі ою-өрнектермен безендірілген. «Jibek Joly» пойызы 5 вагоннан тұрады (оның ішінде 4 купе және 1 мейрамхана вагоны бар).

Бағыт Қазақстан мен Өзбекстанның мәдени және тарихи орталықтарын қамтиды. Алты күн ішінде тур қатысушылары Хожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар қалашығы, Бұхарадағы Арк қамалы мен Ляби-Хауз алаңы, Самарқандтағы Әмір Темір кесенесі мен Регистан алаңы, Ташкенттегі Төле би кесенесі мен Хазрет Имам мемориалдық кешені сияқты ірі сәулет және тарихи ескерткіштерді аралайды.

Туристік пакет құнына пойызбен жол жүру, кәсіби гидтермен бірге жүретін туристік бағдарлама, экскурсиялар мен барлық кіру билеттері, сондай-ақ туроператорлар ұйымдастырған трансферлер кіреді.

Туристік пойыз ҚТЖ компаниясының бастамасымен, «Өзбекстан темір жолдары», ҚР Туризм комитеті, Көлік министрлігі және Kazakh Tourism қолдауымен ұйымдастырылған. «Jibek Joly» туристік пойызын іске қосу – теміржол туризмін дамыту жолындағы маңызды қадам, ол Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени байланысты нығайтып, өңірдің тарихи мұрасын кеңінен насихаттауға ықпал етеді.

Тур туралы барлық сұрақтар бойынша келесі байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады: WhatsApp: +7 777 254 43 35, +7 702 218 68 09,

## КЕНДІРЛІ ЗАУЫТЫНДА ТЕҢІЗ СУЫН ТҰЩЫТУ ПРОЦЕСІ БАСТАЛДЫ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында жобалық қуаты тәулігіне 50 мың текше метр болатын «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытына барды.

Кәсіпорында 30 мамыр күні құрылыс жұмыстары аяқталды. Суды тұщыту, тұзсыздандыру және минералдандыру цехтары, сорғы станциясы, екі қосалқы станция, жөндеу-механикалық цех, гараж, қоймалар, зертхана, өрт сөндіру бекеті, қазандық салынды. Сонымен қатар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым — ұзындығы 80,1 км электр беру желісі, жалпы ұзындығы 201,4 км екі тармақты магистралды су құбыры, 48,1 км газ құбыры, 40,1 км автожол салынып бітті. Жобаның теңіз бөлігі бойынша теңіз түбіндегі траншеяға полиэтилен құбырлары төселді. Кәсіпорында әлемнің жетекші өндіруші компанияларының озық технологиялары қолданылуда.

Қазіргі кезде зауытта іске қосу-баптау іс-шаралары жүріп жатыр.

9 шілдеде технологиялық жабдықтардың бүкіл циклі іске қосылды, оның барысында теңіз суын тұщытуға арналған өндірістік желі тексеріледі және жуылады. Бұл процесс 72 сағатқа созылады.

Сынақ іс-шаралары сәтті аяқталған кезде зауыт жұмыс режиміне көшеді.

Теңіз суын тазарту мен тұщыту — бұл күрделі процесс. «Тіршілік нәрі» зауыттан 730 метр қашықтықта теңіз үстінде орналасқан арнайы су жинайтын құрылғы арқылы тереңдігі 12 метрлік құдыққа келіп түседі. Одан кейін теңіз суы қондырғылардың көмегімен құбыр арқылы кәсіпорынға жетеді.

Тұщыту цехында суды лайдан тазартуға және басқа заттарды жоюға бағытталған бірқатар процедура жасалады. Келесі қадам – су автоматтандырылған өздігінен тазартатын сүзгілерге жіберіледі. Осыдан кейін су ультра сүзгілеу процесінен өтеді. Бұл тәсіл су құрамындағы органикалық заттарды 70-75% дейін төмендетуге және барлық қоспаларды, соның ішінде бактерияларды, бір жасушалы балдырларды және басқа да элементтерді толық жоюға (100%) ықпал етеді.

Кері осмос технологиясы судың құрамын минералды қоспалардан тазартып, 99,5% тұщытуға мүмкіндік береді. Реминерализация процесі тұщы суды жоғары сапаға жеткізу үшін қажет. Хлорланғаннан кейін ол ауыз су резервуарларына жіберіледі.

Бүгінгі таңда Жаңаөзен қаласына суды екі компания «Магистральды су құбыры» ЖШС мен «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС жеткізіп отыр. Жаңаөзенге қазіргі бар көздерден беріліп отырған судың жоспарлы көрсеткіштерін, сондай-ақ халықтың оны тұтынудың маусымдық факторын ескере отырып, «Кендірлі» зауыты суды бастапқы кезде «қосымша режимде» өндіретін болады, яғни жетіспейтін көлемін қамтамасыз етеді.

Тұщытылған теңіз суы барлық қажетті талдау мен зертханалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін ұзындығы 100,7 км құбыр арқылы Жаңаөзен қаласына жеткізу үшін «Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық мекемеге жіберіледі.

Жоба стратегиялық маңызға ие. Жаңа зауыт іске қосылғаннан кейін Жаңаөзен тұрғындары мен іргелес жатқан елді мекендер ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Зауыт құрылысы кезінде 650-ге дейін адам жұмылдырылған болатын.

## ЕЛІМІЗДЕ ДРОПТАР ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛМАҚ

Елімізде киберқылмыстардың алдын алу үшін әр тоқсан сайын республикалық жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізіледі. Екінші деңгейлі банктермен бірлесіп «Антифрод-орталығы» аясында өзара іс-қимыл жолға қойылған. Нәтижесінде осы платформа арқылы азаматтардан ұрланбақ болған 2,6 млрд теңгеден астам қаражаттың шығарылуына жол берілмеді. Байланыс операторларымен бірлесіп «Антифрод» жүйесі енгізілді, соның арқасында шетелден жалған нөмірлерден 66,9 млн қоңырау бұғатталды. Бұл туралы ҚР ІІМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Оның айтуынша, бұл – Департаменттің үйлесімді жұмысы және серіктестермен іс-қимылды үйлестірудің нәтижесі.

«Қабылданған шаралардың нәтижесінде аталған қылмыстар үшін 870 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қолданыстағы заңнамаға алаяқтық қарыздарды беру тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған бірқатар нормалар енгізілді, оның негізгілері: өз еркімен несие алудан бас тарту; биометриялық сәйкестендірусіз онлайн-несие беруге банктерге тыйым салу; жұбайының келісімінсіз несие беруге тыйым салу; 150 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомаға онлайн-несие беру мерзімі бір тәулікке дейін ұзартылды; ақпаратқа заңсыз қол жеткізу анықталған кезде банктер тарапынан ден қою шаралары; бірінші несие тек банк бөлімшелерінде ғана рәсімделетін болды», – деді ведомство өкілі.

Сонымен қатар «Байланыс туралы» Заңға бірнеше толықтыру енгізілмек. Мәселен, онлайн астам нөмірді тіркеу үшін азаматтар ұялы байланыс операторларына қажетті негіздерді ұсынуы қажет болады. Ал, абоненттік нөмір тек биометриялық сәйкестендіру арқылы рәсімделеді. Алаяқтықтарды жасауға жол беретін GSM-шлюздерді елімізге әкелуге, тіркеуге, өткізуге және қолдануға шектеулер қойылады.

## «JAŃA DALA / GREEN DAY ‘2025» МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕ-КӨРСЕТІЛІМІ ӨТЕДІ

Дала күні форматындағы дәстүрлі аграрлық форум 2013 жылдан бері өткізіліп келеді және еліміздегі ауыл шаруашылығы өндірісінің заманауи технологиялары, жоғары өнімді техникасы мен инновациялық әзірлемелері таныстырылатын ең ауқымды демонстрациялық алаң болып саналады.

Биылғы ауқымды шара 17–18 шілде күндері Ақмола облысындағы «Ақтық» АҚ демонстрациялық алқаптарында өтеді.

«Jańa Dala / Green Day ‘2025» алаңында жақын және алыс шетелден 20-дан астам елдің 200-ден аса компаниясы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен агробизнес саласының 5 мыңнан астам кәсіби өкілі жиналады деп күтілуде.

Қазақстан мен әлем ауыл шаруашылығы саласындағы ең өзекті және келешегі зор бағыттар «Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары», «Егін шаруашылығы», «Мал шаруашылығы», «Тиімді гектар» секциялары арқылы таныстырылады.

Көрме аясында 500-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы мен кең қолданылатын жоғары технологиялы жабдық түрлерінің таныстырылымы мен көрсетілімі жоспарланған. Сонымен қатар, іс-шара бағдарламасында мал шаруашылығы, генетика мен селекция, ветеринария, агрономия, агрохимия және органикалық егіншілік салаларындағы жетістіктер мен заманауи жаңалықтар ұсынылады.

Көрмеде жаһандық агроөндірістегі жаңа үрдістер де көрсетіледі. Олардың қатарында ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудегі цифрлық технологиялар, өсімдіктерді биологиялық әдіспен қорғау, сүт фермаларын роботтандыру, топырақты талдауға арналған сенсорлық технологиялар, агродрондарды пайдаланудың кеңеюі, фермерлерге арналған заманауи жол талғамайтын көліктер мен пикаптар бар.

Мазмұнды іскерлік бағдарламамен қатар, техника мен технологиялар көрмесі аясында «Jańa Dala / Green Day ‘2025» өз қонақтарын ғылыми-тәжірибелік мазмұнмен және қызықты шоу-бағдарламалармен қуантпақ. Олардың ішінде ет бағытындағы ірі қара мал тұқымдары арасындағы Ұлттық байқау – «Jańa Dala / Green Day ‘2025»-тің «Үздік бұқасы», Black Angus, Qazaq Aqbas, QALMAQ Meat өкілдерінің қатысуымен өтетін шеберлік сабақтары мен конкурстар, ауыл шаруашылығы жануарлары көрмесі және басқа да шаралар бар.

**Бетті жинақтап дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.**



## ЕЛІМІЗДЕ АЛҒАШ РЕТ 32 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕРГЕ ЗАМАНАУИ ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ

Түркістан облысында ауыл шаруашылығын заманауи технологиямен дамыту бағытында ауқымды қадам жасалды. Ел тарихында тұңғыш рет бір мезетте 32 мың гектар алқапқа тамшылатып суғару жүйесі енгізіліп, мақта шаруашылығында жаңа дәуір басталды.

Бұл бастама Отырар ауданында өткен «Мақта дақылын жаңа технологиямен егудің тиімділігі» атты облыстық семинар-кеңесте кеңінен таныстырылды. Аталған шараны облыс әкімдігі, облыстық прокуратура, Ауыл шаруашылығы басқармасы, «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және Отырар мен Арыс аудандарының әкімдіктері бірлесіп ұйымдастырды.

Семинардың басты мақсаты – агроөнеркәсіп кешенінде су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану, өнімділікті арттыру, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, сондай-ақ отандық мақта өндірісінің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейту.

Семинарға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, салалық даму бағыттары бойынша нақты міндеттерді атап өтті:

«Халықтың әл-ауқаты ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Қазіргі жаһандық мәселелердің бірі – су тапшылығы. Осыған орай, облыста су үнемдеу технологияларын жаппай енгізу қолға алынды. Биылдың өзінде 59 мың гектарға заманауи технология енгізіледі. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 50%-ға жетеді. Тамшылатып суару арқылы гектар өнімділігі үш есе артып отыр. Бұл – өңір экономикасы үшін айрықша серпін», – деді аймақ басшысы.

Семинарда ауыл шаруашылығы техникасы, тыңайтқыш, тұқым, агродрондар, гербицидтер мен пестицидтердің көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар «Түркістан мақта агроөнеркәсіп кешені» ЖШС егістігімен танысты.

Облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев – инвестициялық қауіпсіздік туралы, «Түркістан мақта АӨК» ЖШС бас директоры Янь Цивэнь – өңірде мақта өндірісінің жаңа базасын құру туралы,

Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы басшысы Амандық Қостақов – отандық мақта сорттарын жетілдіру жайлы, «Таймас 2024» ЖШС өкілі Болат Құрақбаев – практикалық тәжірибесін, «БНК АГРО» ЖШС директоры Ниязәлі Бейсенбаев – су үнемдеудің нақты тиімділіктері туралы баяндама жасады.

Бүгінде өңірде ауыл шаруашылығы техникасын өндіретін бірқатар кәсіпорындар табысты жұмыс істеуде:

• BNK Group LTD – жылына 1000 дана жаңбырлатып суғару машинасын өндіреді (50 000 га);
• «Тұран су» МКК – жылына 9 000 га жерге арналған тамшылатып суғару жүйесін шығарады;
• XINJANG IRRIGATION – жылына 40 000 га жерге арналған жүйелер шығарады;
• 14 000 гектарға арналған өндіріс кешені іске қосылған.

Бұдан бөлек, 2025-2026 жылдары Түркістан облысында толық циклді мақта-тоқыма кластері құрылмақ.

## САЙРАМДА ІРІ МАЛ БОРДАҚЫЛАУ КЕШЕНІ МЕН ЗАМАНАУИ ЕТ КОМБИНАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысының Сайрам ауданында ауыл шаруашылығы саласы жаңа серпінмен дамып келеді. Ақсукент ауылында «KAZ ECO MEAT» ЖШС іске қосқан 5 мың басқа арналған ірі мал бордақылау кешені мен халықаралық стандарттарға сай ет комбинатының ашылу салтанатына облыс әкімі Нұралхан Көшеров арнайы қатысып, өндіріс ошағының жұмысымен танысты.

Жобаның жалпы құны 8,5 миллиард теңгені құрайды. 13 гектар аумақты алып жатқан бұл өндірістік нысан — еліміздегі мал шаруашылығын дамытудың ірі қадамдарының бірі. Жылына 5 000 бас ірі қараны бордақылап, 10 000 тоннаға дейін ет өңдеу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, кәсіпорын 100 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Кешендегі технологиялар Беларусь, Қытай және Түркия елдерінен жеткізілген. Жем беру жүйесі толығымен автоматтандырылған. Бордақылanатын малдар — жергілікті фермерлік шаруашылықтар мен еліміздің солтүстік өңірлерінен жеткізіледі.

Ет комбинатында ет, қан, сүйек сынды жануар өнімдерін терең өңдеу қарастырылған. Қалдықсыз өндіріс принципі негізінде жұмыс істейтін кешенде арнайы жабдықталған қан өңдеу цехы, сүйек үгу құрылғылары және жанама өнімдерді кәдеге жарату желісі бар. Мұның барлығы – экспортқа бағытталған жоғары сапалы өндірістің негізі.

Облыс басшысы кәсіпорын жұмысының экспорттық әлеуетін арттыру, өнім сапасын халықаралық талаптарға сай ету және агросаланы заманауи үлгіде дамыту қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, өңір басшысы Сайрам ауданы Манкент елді мекенінде орналасқан «NURYM GROUP» ЖШС-нің құрама жем өңдеу зауытына барып, өндірістік процесті қадағалады.

Зауыттың жалпы құны 2,23 миллиард теңге, ал құрылыс аумағы 7,25 гектар. Жеке кәсіпкердің инвестициясымен жүзеге асқан бұл жоба сағатына 20 тонна жем өңдеуге қауқарлы. Қазіргі таңда мұнда 12 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Жем өндірісіне арналған арнайы зертхана, инновациялық технологиялар, Түркиядан жеткізілген заманауи құрылғылар — осының бәрі зауытты өңірдегі маңызды агроөндірістік нысанға айналдырып отыр.

Бұл жобалар Түркістан облысында ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңіне жол ашып, жергілікті халықты жұмыспен қамту мен экспорт көлемін арттыруға нақты үлес қосады.

## АГРОИНДУСТРИЯЛЫҚ КЛАСТЕР ҚҰРУ ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

**Түркістан облысының Сауран ауданында ірі мал бордақылау алаңдары шоғырланған агроиндустриялық кластер құруға бағытталған ауқымды инвестициялық жоба іске қосылды, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.**

**Жобаның басты ерекшелігі – 185 гектар аумақта 292 бордақылау алаңын шоғырландыру. Бұл инфрақұрылымды тиімді пайдалануға, шығындарды оңтайландыруға және өндірісті орталықтандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Сауран ауданының Ескі Иқан ауылдық округінде 20 гектар жеріне 30 мал бордақылау алаңы салынып жатыр, оның 25-інде құрылыс жұмыстары басталған. Бұл нысандарда жалпы 15 мың бас мүйізді ірі қара малды бордақылау көзделген.**

**Жоба аясында мал шаруашылығы өнімдерін өңдеудің толық өндірістік циклін құру көзделген. Осы мақсатта 1,5 гектар жер телімі бөлініп, онда заманауи сою пункті салынады. Бұл ет өнімдерін алғашқы өңдеу, сақтау және тасымалдау бойынша жоғары талаптарға сай қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді.**

**Жобаның жалпы инвестиция көлемі 5 млрд теңгені құрайды. Қаражаттың негізгі бөлігі құрылыс-монтаж жұмыстарына, инженерлік коммуникацияларды тартуға және жем-шөп базасын қалыптастыруға бағытталады.**

**Жобаның басты артықшылықтары – бордақылау шаруашылықтарын шоғырландыру арқылы өндірістік процестерді оңтайландыру, логистика мен басқаруды жеңілдету, сондай-ақ ветеринарлық және санитарлық бақылауды орталықтандыру.**

**Жобаны іске асыру өңірде етті мал шаруашылығын дамытуды жеделдетіп, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге және Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.**



## ТҮЛКІБАСТА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТЫҢ ЖОБА БАСТАУ АЛДЫ

Түркістан облысы, Түлкібас ауданына қарасты Арыс ауылдық округінде экотуризмді дамытуға бағытталған «ALTY KÚL» жобасы бастау алды.

Ғабит Пернебаев есімді жеке кәсіпкер өзіне тиесілі 10 гектар жердің 5 гектарына 6 жасанды көл жасап, қалған 5 гектарына ауданда сирек кездесетін сәнді ағаштар, қауын қарбыздың түртүрін, жүгері, алма бауын отырғызған.

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған 6 көлдің екеуіне кәсіпкер балық шабақтарын жіберіп қойған. Біріне 10 мың дана хан (форель) балығының шабақтарын жіберсе, екінші тоғанға бекіре балығының шабақтарын жіберген. Алдағы уақытта қалған көлдерді де қамтуды көздеп отыр.

Ендігі кезекте кәсіпкер жасыл желекке оранған аймақты абаттандыруды қолға алып, демалыс аймағына айландыруды көздеп отыр. Яғни, бұл жерде кәсіпкердің айтуынша этноауыл, амфитеатр, шағын зообақ, демалыс үйлері, спорт алаңдары мен атпен серуендеу қызметі және т.б. түрлі қызмет түрлері демалушыларға ұсынылмақ.

Аталған жобаның идеясын кәсіпкер Австрия елінен алғызып, сызбасын Ресей еліндегі білікті мамандарға сыздырған. Аталған шаруашылыққа аудан әкімі Асқар Естібаев, аудан әкімінің салаға жауапты орынбасары Ғани Құрманбай арнайы барып, жобамен етене танысып, кәсіпкердің тың бастамасына сәттілік тіледі.

Мемлекеттен қолдауларды ұсынған аудан басшысы бүгінде балық шаруашылығын бастап отырған кәсіпкерге оның жемінің 30 пайызын субсидиялауды ұсынып, сүйемелдеу бойынша жауапты орынбасарына нақты тапсырмалар берді.

Айта кетерлік, биыл Түлкібас ауданында бұдан бөлек туризм саласын дамытуға бағытталған жалпы құны 4,4 млрд. теңгені құрайтын 3 ауқымды жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оларда 220 адамға жаңа жұмыс орындары ашылады деп күтілуде.

### Отырар мен Арыста кәсіпкерлік дамуының өзекті мәселелері талқыланды

Түркістан облысының Отырар ауданында Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің ұйымдастыруымен жергілікті кәсіпкерлермен кеңейтілген кездесу өтті. Шараға Арыс қаласы мен Отырар ауданынан келген кәсіпкерлер, облыстық мәслихат депутаттары, Өңірлік кеңес мүшелері, құқық қорғау органдарының және жергілікті атқарушы билік пен салалық мекемелердің өкілдері қатысты.

Кездесуге Түркістан облысы әкімінің орынбасары Талғат Қозбеков, Өңірлік кеңес төрағасы, облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов және Кәсіпкерлер палатасының директоры Асылан Ибадуллаев қатысып, кәсіпкерлерді жеке қабылдап, өзекті мәселелерін тыңдады.

Арыс қаласының кәсіпкерлері тарапынан көтерілген басты мәселелердің қатарында:

• жер телімдеріне қатысты рәсімдер,
• жол инфрақұрылымы және жол белгілері,
•ішкі көшелерде жүк көліктерінің қозғалысына рұқсат беру,
•Түркістан қаласындағы Шеберлер орталығынан орын алу,
• мемлекеттік субсидияларға қол жеткізу,
• шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері бар.

Ал Отырар ауданындағы кәсіпкерлер:

• су тапшылығы,
• табиғи газға қосылу,
• электр желілерін тарту мәселелерін көтерді.

Кездесу — кәсіпкерлер мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы ашық диалог алаңы ретінде ұйымдастырылып, ұсынылған мәселелерді заң аясында тиімді әрі жедел шешу бағытында нақты шаралар қабылданатыны болды.

Кездесу соңында қатысушылар Отырар ауданындағы ірі инвестициялық жоба — «Lihua Spinning Technology Co., Ltd» тоқыма кәсіпорнының жұмысымен танысты. Қытайлық инвестор негізін қалаған бұл өндіріс ошағы қазіргі таңда 500-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпорын заманауи технологиялармен жабдықталып, өңір экономикасына тың серпін беріп отыр.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

# СЫЙЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫН САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗАТЫН ТАЛАПТАР

Сыйлық сертификаты (сыйлық картасы) – иесіне белгілі бір сомаға тауарларды немесе қызметтерді сатып алуға мүмкіндік беретін купон немесе карта.

Сыйлық сертификатын сатып алу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзу көбінесе қосымша таңған талаптармен, шартты бұзудан және сертификат үшін төленген ақша сомасын қайтарудан бас тартумен, сертификаттың әрекет ету мерзімін шектеумен немесе оны ішінара пайдаланғаннан кейін қалған ақшаны қайтарудан бас тартумен байланысты.

Сыйлық сертификатын сатып алу кезінде оны пайдалану отырып тауарлар мен қызметтерді сатып алу мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының кейбір ережелерін білу қажет.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен сатушыға (орындаушыға) тұтынушымен жасалған шартқа тұтынушының құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптарды енгізуге тыйым салады.

Сатушы (орындаушы) тиісті сападағы тауарды (көрсетілетін қызметті) сатушының (орындаушының) жұмыс режимін ескере отырып, тұтынушыға ыңғайлы уақытта еркін таңдауын қамтамасыз етуге міндетті. Тұтынушыны тауарды (көрсетілетін қызметті) өзіне қажетсіз мөлшерде және (немесе) ассортиментте сатып алуға мәжбүрлеуге тыйым салынады.




Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарды немесе көрсетілетін қызметті таңдау кезінде қандай да бір артықшылықтарды, тікелей немесе жанама шектеулерді белгілеуге жол берілмейді.

Ішкі сауда қағидаларына сәйкес сатушы тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге өткізетін сыйлық сертификаттарының (тауарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған сертификаттардың) қолданылу мерзімі мен шарттарын сатушы белгілейтін, сатушы тегін негізде таратататын сертификаттарды қоспағанда қолданылу мерзімі үш жылға дейін болады.

Сыйлық сертификатын ішінара пайдаланған жағдайда, сома қалдығы бар сыйлық сертификаты үш жылдық қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзінің қолданылуын жалғастырады немесе сыйлық сертификатынан қалған сома өзі көрсеткен деректемелерге сыйлық сертификатын ұсынушының талабы бойынша қайтарылады. Бұл норма сатушы тегін негізде таратататын сертификаттарды қамтымайды, олардың қолданылу мерзімі мен шарттарын сатушы белгілейді.

Алайда, жоғарыда аталған талаптарды сатушы (орындаушы) әрқашан орындай бермейді.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне азамат К. жүгінді. Ол Петропавл қаладағы дүкендердің бірінде келесі шарттардан тұратын сыйлық сертификатын сатып алды:

- сертификаттың қолданылу мерзімі 12 ай;
- сатып алу сомасы сыйлық сертификатының сомасынан аз болған жағдайда, ақшалай баламадағы айырманы төлеу жүргізілмейді;
- сыйлық сертификаты ақша сомасына айырбастауға және қайтаруға жатпайды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, тұтынушының жолданымы негізінде Департамент жоспардан тыс тексеру тағайындады.

Тексеру қорытындысы бойынша кәсіпкерлік субъектісіне анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарылды.

Қазіргі уақытта нұсқаманы орындау шеңберінде сатушы сыйлық сертификатын пайдалану шарттарына өзгерістер енгізді, оның ішінде сертификаттың жарамдылық мерзімін оны берілген күннен бастап 36 айға дейін белгіледі. Енді осы сыйлық сертификаты туралы барлық ақпарат қазақ және орыс тілдерінде берілген, тұтынушылардың құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптар алып тасталды.



# «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ 4 МЛН. ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ СЫЙАҚЫ АЛАДЫ

Елімізде ұстаздарды қолдау мақсатында «Үздік педагог» байқауы басталды. Жеңімпаздарға 1000 АЕК (3,9 млн теңге) көлемінде мемлекеттік сыйақы қарастырылған.

Байқау аясында мұғалімнің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі.

Жарысқа мектепке деиінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

Конкурс үш кезеңнен тұрады:
1-кезең – аудандық, қалалық деңгеи (8-25 шілде);
2-кезең – облыстық деңгеи (28 шілде- 15 тамыз);
3-кезең – республикалық деңгеи (18 тамыз – 18 қыркүиек).

Екі кезеңнің қорытындысы боиынша ең жоғары ұпаи жинаған педагогтер республикалық деңгеиге өтеді. Баиқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау uzdikustaz-nobd.edu.kz веб-порталында жүзеге асырылады.

«Үздік педагог» Республикалық конкурсы 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі баиқау. Осы уақытқа деиін 700-ге жуық жүзден жүирік, мыңнан тұлпар атанған мықтылар анықталды.«Үздік педагог» атағына білім беру ұиымдарында жұмыс істеитін және құжаттарды тапсыру кезінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер үміткер бола алады. Олар - балабақша, мектеп, колледж мұғалімдері.

Баиқауға қатысу туралы қосымша ақпаратпен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің саитынан танысуға болады.

# КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ КЕШЕНДІ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Шымкент қаласында 2023–2029 жылдарға арналған «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы» аясында көпқабатты тұрғын үйлердің жалпы мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биылғы жылы қала аумағындағы 26 көпқабатты тұрғын үйде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Аталған бағдарлама шеңберінде Тұран ауданы, 4-шағынауданда орналасқан №21 үй мен Володар көшесіндегі №9 үйге күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Атап айтқанда, бұл тұрғын үйлердің қасбеттері жаңартылып, шатырлары толықтай ауыстырылды. Сонымен қатар, кіреберістер мен бастырмалар орнатылып, кешенді жаңғырту жұмыстары атқарылды.

Байтұрсынов көшесі №94 мекенжайындағы тұрғын үйде де шатырды ауыстыру, кіреберісті ретке келтіру және бастырма орнату жұмыстары аяқталған. Қазіргі таңда бұл нысанда қасбетті жаңарту жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Аталған жұмыстар қыркүйек айына дейін толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

Жыл басынан бері қалада 6 көпқабатты тұрғын үйде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, олар толық пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта аталған нысандарды қабылдау бойынша тиісті құжаттар әзірленуде. Қалған 20 тұрғын үйде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Айта кету керек, Шымкент қаласының тұрғындары күрделі жөндеу жұмыстары бойынша «қайтарымды қаражат» негізінде «Тұрғын үй Шымкент» ЖШС-не жазбаша өтінім бере алады.

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Республика даңғылы, №12А, 3-қабат.

# АБАЙ ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ТРАНСКРИПЦИЯСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ




М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы хакім Абайдың 180 жылдығына орай «АБАЙ. Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп жасалған транскрипция» атты жаңа ғылыми еңбекті жарыққа шығарды.

Құнды зерттеу еліміздің жетекші баспаларының бірінен 2000 дана таралыммен басылып шықты. Авторлары – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақжол Қалшабек және PhD докторант Әзімхан Исабек. Жобаның жарыққа шығуына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров демеушілік көрсетіп, бастаманың кең аудиторияға жетуіне ықпал етті.

Ғылыми еңбекте Абай шығармаларының негізгі көзі саналатын Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбалары текстологиялық және терминологиялық тұрғыда сараланып, салыстырмалы түрде талданған. Сонымен қатар, ақынның інісі Халиоллаға жазған хатының түпнұсқасы мен транскрипциясы, сондай-ақ Абай шығармаларын көшірген Рахым Жандыбаев пен Оразке Уақбайұлының қолжазбаларымен салыстыру нәтижелері қамтылған.

Еңбектің тағы бір құндылығы – Абайдың 1910 жылы жазылған қолжазбасының толық факсимиле нұсқасының алғаш рет жариялануы.

Жоба авторларының айтуынша, кітапқа Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор Мекемтас Мырзахметұлы рецензия жазып, өз батасын берген. Автор Әзімхан Исабектің сөзіне сүйенсек, бұл еңбек – ұзақ жылдарға созылған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі.

– Абай шығармаларын түпнұсқа негізінде толық әрі сауатты транскрипциялау – ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің көзі тірісінде арман еткен ісі болатын. Бүгінде сол мұрат орындалып отыр, – деді ол.

Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналған бұл іргелі еңбек 712 бетті құрайды және абайтану саласындағы маңызды жаңалық ретінде бағалануда.

# РЕЙДТІК ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛДІ

Шымкент қаласы Қаратау ауданы әкімдігі мен жергілікті полиция қызметінің ұйымдастыруымен аудан аумағында құрылыс материалдары мен инертті қалдықтардың ретсіз жинақталуына жол бермеу мақсатында кезекті рейдтік іс-шара өткізілді.

Атап айтқанда, Нұртас шағынауданының Ақсаут және Байтереков көшелерінің қиылысында өткен рейдке аудан әкімдігінің жауапты мамандары, жергілікті полиция қызметкерлері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Іс-шара аясында тұрғындармен санитарлық талаптарды сақтау, абаттандыру және қалдықтарды ретсіз орналастырмау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қаратау ауданы әкімдігінің қоғамдық орта сапасын дамыту бөлімінің бас маманы Әлібек Қалдыбектің айтуынша, кейбір тұрғындар құрылыс материалдарын жеке үй аумағынан асырып, көше бойына шығарып тастаған. «Олар көршілер мен жүргіншілерге қолайсыздық тудырып отыр. Ескерту берілгенімен, түзетуге ниет танытпайтындар да бар», – деді ол.

Рейд барысында жеке тұрғын үйлердің іргелес аумағындағы құрылыс және тұрмыстық қалдықтар жиналып, тазалау жұмыстары жүргізілді.

# ЖАҢА ГҮЛЗАР МЕН СПОРТ АЛАҢШАСЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ

Шымкент қаласы, Қаратау ауданына қарасты Шапыраштты тұрғын алабында тұрғындардың игілігіне арналған гүлзар мен спорт алаңшасының салтанатты ашылу рәсімі ұйымдастырылды. Аталған нысандар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында барлық қауіпсіздік және сапа талаптарына сай салынды.

Жаңа гүлзар мен спорт алаңы аудан тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын ұстануына және бұқаралық спорттың дамуына оң ықпал етеді.

Іс-шараға зияlы қауым өкілдері, қоғам белсенділері және жергілікті тұрғындар қатысып, жаңадан пайдалануға берілген демалыс орындарының маңыздылығын атап өтті.

Айта кету керек, 2025 жылы Қаратау ауданы аумағында 12 гүлзар, 24 балалар ойын алаңшасы және 3 спорт алаңшасын салу жоспарланған.

Бетті дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ

# «BURABAY EXPRESS» ЖАҢА ЭЛЕКТРПОЙЫЗЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға Астана-Бурабай курорты бағдары бойынша №888/887 «Burabay Express» жаңа буын электрпойызын ұсынып отыр. Жаңа электр пойызы Петропавл қаласындағы отандық зауытта шығарылған және сандық шешімдерді есепке ала отырып, көп деңгейлі сервистік қызмет көрсетуді, жылдам қозғалысты біріктірген, барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Жақын арада «Burabay Express» пойызында жолаушыларға жоғары жылдамдықты интернет пен борттық тамақтану қызметі қолжетімді болады.

Жаңа кешенді сервис жол бойы жолақы мен тағамды онлайн немесе банк картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеуге мүмкіндік береді.

Елордадан Қазақстанның ең танымал туристік бағыттарының біріне дейін сапар небәрі 2,5 сағатты алады. Ұлттық тасымалдаушы жолаушыларға пойызға елорданың екі вокзалынан мінуді және курорттық аймақтағы қонақүйлерге кіру мен шығу үшін ыңғайлы кестені ұсынады.



«Burabay Express» аптасына бес рет жүреді. Бұл бағдарға билеттерді клиенттер алғаш рет пойыз жөнелтілгенге дейін 45 күн бұрын сатып ала алады. Жол жүру құны: бірінші класты 5 805 теңге, екінші класты 3 586 теңге және үшінші класты 2 962 теңге.

Астанадан электрпойыз таңертең сағат 11:00-де жөнелтіледі және Бурабайға сағат 13:35-те келеді, ал Бурабай курортынан осы күні сағат 14:15-те қайтады және елордаға сағат 17:00-де келеді.

Электрпойызының қала маңындағы құрамына ауаны баптау жүйесі, қызмет көрсетудің жайлы үш қатары бар және 374 орынға есептелген 6 вагон кіреді.

Бірінші класты жолаушыларға реттелетін арқалықтары мен жеке үстелдері, багажға арналған сөресі бар жоғары жайлылық креслолары ұсынылады. Ақпараттық және ойынсауық контентін көрсету үшін мониторлар жабдықталған, Wi-Fi мультимедиялық жабдықтары орнатылған. Әрбір отырғызу орнында гаджеттер мен мобильді құрылғыларға арналған USB қосқыштары бар. Вагон сапар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Алғаш рет жолаушыларға борттық тамақтану ұсынылады.

Екінші класты қол жетімді баға мен қызметтің жоғары деңгейін, Wi-Fi мультимедиялық жабдықтарын, бейнебақылауды, ұялы телефондардың зарядтау нүктелерін біріктіреді, сонымен қатар әртүрлі сусындар мен әртүрлі мәзірлерді сататын купе-буфет орнатылған.

Үшінші класты вагонда жылдам зарядтау функциясы бар кіріктірілген USB/Type-C розеткалары бар ыңғайлы креслолы орындар қарастырылған. Тамбур аймағында велосипед тұрағы үшін қол жетімді орын бар. «Burabay Express» инклюзивтілік, ыңғайлылық және қолайлылық қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Жаңа электрпойызының үшінші класы екі жағынан да платформалық көтергіштермен және арнайы санитарлық аймақпен жабдықталған, бұл ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларға ыңғайлылық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Барлық вагондарда платформасы төмен станциялардан отыруды және түсуді жеңілдететін автоматты жылжымалы аяқ тіректері бар, бұл әсіресе егде жастағы адамдар мен балалары бар жолаушылар үшін ыңғайлы. Сондай-ақ, арнайы қажеттіліктері бар жолаушыларға арналған кеңейтілген кабиналарды қоса алғанда, биодәретханалар орнатылған.

Пойыздың сыртқы келбеті Ұлттық тасымалдаушының фирмалық стилінде жасалған. Локомотив бригадалары үшін қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ететін көп позициялы реттелетін эргономикалық креслолар қарастырылған.

Rixos Borovoe қонақ үйіне түсуді жоспарлап отырған «Burabay Express» жолаушыларына теміржол вокзалынан тікелей қонақүй аумағына дейін тегін трансфер ұйымдастырылып отыр. Көлік вокзалға кіре берісте келген жолаушыларды күтіп алады, бұл демалыс орнына тоқтаусыз ыңғайлы жетуге мүмкіндік береді. Мұндай қызмет әсіресе балалары бар, үлкен багажы бар немесе бірінші рет саяхаттайтын туристер үшін маңызды. Трансфер уақытты үнемдейді және демалу жолын одан да жағымды және қолжетімді етеді.

«Burabay Express» жаңа құрамын іске қосу - бұл қызмет көрсету сапасын арттыруға, инновацияларды енгізуге және барлық азаматтар үшін көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған қала маңындағы тасымалдарды дамытудағы кезекті қадам.



# 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ҰЯЛЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ СТАТИСТИКАҒА КӨШЕДІ

ҚР Туризм және спорт министрлігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, ішкі және келу туризмі бойынша статистикалық деректер жинау жүйесін жетілдіру мәселесіне арналған жұмыс кездесуін өткізді. Жиында байланыс операторларынан алынатын ақпаратты пайдалана отырып, статистика жүргізудің жаңа тәсілдері талқыланды.

Кездесу барысында ұялы байланыс операторларының деректері негізінде дайындалған 2024 жылғы ішкі туристер туралы алдын ала талдау нәтижелері ұсынылды. Қатысушылар отандық саяхатшылар мен туристерді сапар ұзақтығына және түнеген-түнемегеніне қарай жіктеу тәсілдері, сондай-ақ қалыптасқан көрсеткіштердің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етуге қажетті әдістемелік өлшемдерді талқылады.

Ұялы байланыс операторларының деректерін пайдалану туристердің нақты санын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бір күндік және түнеген немесе түнемеген сапарларды да қамтиды. Бұрын мұндай мәліметтер дәстүрлі статистикада ескерілмейтін. Осы арқылы ел аумағындағы туристік белсенділік жан-жақты әрі объективті түрде көрсетіледі.

